

Жанақорған: соғыстан кейінгі жаңа өмір

Соғыс аяқталған соң қатаң бір орталыққа бағындырылған экономиканың тиімділігі бұрынғыдан да тұрақты идеологиялық сипатқа ие болды. Жеңіске жетудегі таңдаған даму моделінің дұрыстығын тілге тиек ете отырып, сталиндік партиялық-мемлекеттік насихат әміршіл-әкімшілік жүйенің мызғымастығын бұқара санасына үстемелей енгізе түсті.

1946 жылдың наурыз айында өткен СССР Жоғарғы Советінің бірінші сессиясында «СССР-дің 1946-1950 жылдары халық шаруашылығын қалпына келтіру және дамытудың бесжылдық жоспары туралы» Заң қабылданды. Бұл еліміздің халық шаруашылығын қалпына келтіру және дамытудың төртінші бесжылдық жоспары болатын.

Соғыс ауыртпалығы артта қалды десек те, ел көші әлі де бірден түзеліп кете қойған жоқ. 1946 жылы ауылшаруашылығында орын алған табиғат апаты соғыс зардабы салдарынан тереңдей түсті. Бұл әсіресе, соғыс жылдарында майдан даласы болған Украина, Белоруссия, Волга бойы өңірлерін қамтыды. 1946 жылы елді аштық жайлады. Бұл өңірлерге көмек көрсету Қазақстандықтарға жүктелді. Солардың сапында Қызылорда облысының еңбекшілері де Үкімет алға қойған міндеттерді жүзеге асыруға кірісті. Астық, ет, азық-түлік, сүт, тері, жүн, балық және табын-табын мал сол аймақтарға айдалды. Өзі қиналып отырса да, үстінен соғыс өткендерге көмек көрсетушілер қатарында Жаңақорған ауданының тұрғындары да бар болатын.

Советтік дәуір кезінде жазылған оқулықтарда айтылғандай соғыстан кейінгі жылдары елдегі ахуал бірден түзеліп кеткен жоқ. 1946 жылы басталған аштық шаруаларды күйзелтіп кетті. Бұдан аз уақыт бұрын аштықтың адам төзгісіз құқайын көрген шаруалар 1931-1933 жылдардағы зобалаң кезіндегі секілді масақтан терген бір уыс арпа, бидайларын жасырып, балаларын ажалдан алып қалмақшы болды. Мемлекет жағдайдың қиындығына қарамастан, қоғамдық қамбада жалғыз дән де қалдырмастан сыпырып алатынын жақсы білген кейбір колхоздар міндетті тапсырысын өтегенге дейін еңбекшілерге еңбеккүн есебінен және қоғамдық тамақтандыруға астық бере бастады. Сонымен қатар, жергілікті атқару органдары да осы жағдайды біліп мемлекеттік қордан егуге жарамайтын (шын мәнінде жартылай бұзылған) 5160 центнер дән тұқымдарын аудандарға бөліп берді. Жаңақорған ауданына 700 центнер бидай бөлінді. Алайда, бұл бір ауданға өте аз еді.

Сталиндік тоталитарлық билік соғыстан кейін-ақ 1932-1933 жылдардағы аштықта қолданған «бес масақ» ісі бойынша шаруаларды жаппай отырғызу тәжірибесіне сүйене отырып, алдын алу шараларын бастап кетті. 1946 жылы КОКП Орталық комитетінің XVI пленумында осы мәселе арнайы қаралып, «Ауылшаруашылығы артелі мен колхоз жарғысын бұзушылықты жою жөнінде іс-шаралар туралы» арнайы қаулы қабылданып, жер-жерде тексерулер жүргізілді. Соның нәтижесінде ауданда «колхоз жарғысын бұзды», «қоғамдық мүлікті талан-таражға салған» деген

айыптармен бірнеше шаруашылық басшыларының үстерінен қылмыстық істер қозғалып, бірқатары әкімгершілік жолмен жазаланды. 1947 жылы 4 маусымда билік «Қоғамдық меншікті ұрлау туралы» және «Мемлекеттік және қоғамдық мүлікті ұрлағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы» заң қабылдады. Алғашқы заң бойынша қоғамдық меншікті ұрлағаны үшін сот жазасын 5-8 жылға дейін лагерде өткеру, екінші заңда 10-15 жылға дейін соттау қарастырылды. Астық дайындаудағы «жігерсіздігі» және мемлекеттік тапсырысты орындамағаны үшін көптеген колхоз бастықтары жұмыстан қуылды. Бұл колхоз өндірісінің дамуына бұрынғыдан бетер кері ықпалын тигізді. Осы кезде елге майданнан жаралы, мүгедек болып оралғандардың өзі халық басындағы қиыншылықты көрген кезде денсаулығына қарамастан еңбекке араласты. «Қара қағаз» алып көкірегі шер мен мұңға толған ана мен жесір, ата мен бала соғыстың біткеніне «шүкіршілік» жасап, бар тіренішті еңбектен тапты.

Әміршіл-әкімшілік экономика жағдайында азық-түлік тапшылығынан шығу жолы мүлде тарыла түсті. Түптеп келгенде барлық таңдау екі тетікпен: халықты нормаға отырғызу және экстенсивтендірумен шектелді. Осы кезде колхоздар мен совхоздардағы, МТС-тардағы техника ескірген, еңбек өнімділігі төмен еді. Колхозшыларға еңбек күнге өнім өте аз мөлшерде бөлінді. Олардың еңбекке ынталылығы төмен болды. Осыған байланысты әкімшіл-әміршіл жүйе қатал саясат жүргізіп, ауыл тұрғындарын мәжбүрлікте ұстады. Жергілікті жағдаймен есептеспей, жоғарыдан жоспарлап, аппарат тарапынан бұйрық беріліп отырды. «Әскери коммунизм» кезеңінің азық-түлік салғырты саясаты жалғастырылды. Колхозшылардың еркін жүріп-тұруын шектейтін соғысқа дейінгі нормалар сақталды, яғни, олардың төлқұжаттары болмады, колхозшылар ауылдық советтердегі тізімге тіркелді. Осындай қателіктер мен қиындықтарға қарамастан, шаруалар елді асырап отырды. Таңның атысы, күннің батысы еңбек майданында жүргендер 1950 жылдардың ортасына дейін сол соғыс жылдарындағы тәртіппен, сол тұстағы нормаға сай жұмыс істеген еді.

1945-1991 жылдардағы Жаңақорған ауданының тарихын төрт кезеңге: 1) 1945-1953 жылдары, 2) 1954-1964 жылдары, 3) 1964-1985 жылдары, 4) 1985-1991 жылдар аралығы деп бөліп қарауға болады.

1946 жылы желтоқсанда ССРО Министрлер Советі «Егіс алабын кеңейту туралы» қаулы қабылдады. Онда көрсетілген нұсқауға сәйкес 1947 жылы егістік алқабы мөлшерін 10 млн гектарға ұлғайту жоспарланды. 1946 жылы көктемгі егіске қарай Сунақ ата арнасы толық аяқталып, іске қосылды. Осыған сәйкес жер-жерде партия ұйымдары осы бағдарламаны орындауға жедел кірісіп кетті. 1947 жылдың соңында облыстық партия ұйымдары шаруашылық басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді. 1947 жылы 2-3 қарашада Жаңақорған аудандық X партия конференциясы болып өтті. Конференцияда аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы М. Мергенбаев есепті баяндама жасап, аудан шаруашылығындағы жетістіктер мен кемшіліктерге тоқталды. Конференция барысында барлық шаруашылық

саласы, әсіресе ауылшаруашылығы саласы бойынша шұғыл атқарылатын іс-шаралар жүктелді.

Астық өндірудің экстенсивтендіру бағдарламасы аясында 1950 жылы Қазақстандағы егіс алқабы 1946 жылмен салыстырғанда 1 млн 173 мың гектарға өсті. Тек осы фактор есебінен астық дақылы ішкі өнімін біршама ұлғайтуға мүмкіндік туды. Жаңақорған ауданында да егіс көлемі екі есеге ұлғайып, ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығы артты. 1947 жылы ауданда 5420 гектар бидай, 219 гектар арпа, 551 гектар тары, 629 гектар дәндік жүгері, 659 гектар күріш егілді. Сонымен қатар ауданда қой-ешкі – 64593, ірі қара – 7670, жылқы – 8499, түйе – 1276 басқа жетті. Мал басы өсіп, одан өндірілетін өнім артты. 1948 жылдың аяғында ауданда жылқы – 10452, ірі қара – 8156, қой-ешкі – 81671, түйе – 1368 басқа жетті. Мал өнімдері артып, аудан бойынша 1948 жылы 1949 жылдың есебіне 1350 центнер ет, 102 пұт сары май, 204 пұт жүн артық өткізілді. 1949 жылы ауданда 4094 гектар бидай, 295 гектар арпа, 15 гектар сұлы, 624 гектар тары, 574 гектар дәндік жүрегі, 1670 гектар күріш, 100 гектар бақша, 16 гектар картоп егілді. Өнімдері уақтылы жиналып алынды. 306 гектар жоңышқа егілді. Мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыру қолға алынды.

Аудандағы 12 ұжымшар төрт түлік мал басының жоспарын орындап шықты. Соның ішінде Бесарық ауылдық советіне қарасты «Кеңес» колхозы мал басын өсіруді: жылқыны – 100 пайыз, ірі қараны – 112 пайыз, қой-ешкіні – 102 пайыз, түйені 101 пайыз қамтамасыз етті.

1950 жылы 1940 жылмен салыстырғанда, яғни 10 жыл ішінде ауданның егіс көлемі 7,7 мың гектардан 9,4 мың гектарға жетті. Осы мерзім ішінде дәнді дақылдар 5,5 мың гектардан 9 мың гектарға, оның ішінде күріш 300 гектардан 1800 гектарға артты. Осы мерзім ішінде аудандағы малшаруашылығы саласы да дамыды. Аудан ұжымшарларында ірі қара 1940 жылмен салыстырғанда 3200 ден 9300 басқа; мұның ішінде сиыр (аналығы) 900-ден 2400-ге, қой-ешкі 15600-ден 88900 басқа, жылқы 3400-ден 10 мың басқа, түйе 700-ден 1600 басқа жетіп, 3200 құс өсірілді.

Алайда, 1949 жылы аудан бойынша малшаруашылығы үшін тиімсіз болды. Ауа-райының қатқылдығы нәтижесіндегі малдың қырылуы, аудандағы шаруашылық басшыларының мал азығын дұрыс ұйымдастырмауы, кейбір колхоз басқармаларының қоғамдық мал басын жеке басына иемденуі нәтижесінде ауданда мал саны едәуір қысқарды. Осы кемшіліктері үшін аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Абжанов, екінші хатшы Әлсейітов, аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің бастығы Жүсіпбековтер жұмыстан шығарылды.

1950 жылы аудан мемлекетке 621 тонна сүт, 140 тонна жүн, 8800 дана қаракөл елтірісін өткізді. Әр қойдан 2,4 кг жүн қырқылып, әр сиырдан 900 литрден сүт сауылды.

1948 жылы республикада ауылдар мен селоларды жаппай электрлендіру жорығы басталды. Сөйтіп, төртінші бесжылдық тұсында «Красная Звезда» колхозында электр стансасы орнатылып, 300 үйге электр жарығы

берілді. Аудан орталығындағы электр стансасының қуаты 1945 жылмен салыстырғанда 2,8 есе өсті.

Аудан еңбеккерлері соғыстан кейінгі төртінші бесжылдықтың (1946-1950 жылдары) жоспарлары мен тапсырмаларын мүлтіксіз орындау жолында жұмыла еңбек етті. Озаттар саны көбейді. Талдысу колхозының шопаны Білеуов әр 100 саулықтан 130-дан қозы, Қосүйеңкі колхозының жылқышысы Нысанбаев 73 биеден 73 құлын алуға қол жеткізді. «Красная Звезда» колхозы 435 гектар күріштің әр гектарынан 42 центнерден, Ким басқарған бригада 60 гектар күріштің әр гектарынан 64 центнерден өнім алды. Кеңес колхозынан Сағындықов басқарған бригада 115 гектар бидайдың әр гектарынан 17 центнерден өнім жинады. Аудандағы 11 шаруашылық мемлекетке астық тапсыру жоспарын асыра орындады.

Қызылмақташы колхозының звено жетекшісі Әмірбек Бейімбетов 18 гектар бидайдың әр гектарынан 29 центнерден, Екпінді колхозының күрішшісі Әли Исаев 5 гектар күріштің әр гектарынан 80 центнерден өнім алып, еңбек озаттары атанды. Аудан еңбеккерлері арасынан Социалистік Еңбек Ерлері, өндіріс озаттары көптеп шыға бастады. 1948 жылы озат жылқышылар – Келінтөбе колхозынан Қадыр Тағаев, Талап колхозынан Нақып Ержанов, Ынтымақ колхозынан Сапарбай Сұлтанмұратов, Талдысу колхозынан Сердалы Құрымбеков, күріш звеносының жетекшісі Елтай колхозынан Әли Еламанов, Қандөз колхозынан шопан Қылышбай Омаров, ал 1949 жылы күрішші-диқандар – Екпінді колхозынан Әли Исаев, «Красная Звезда» колхозынан Иван Цой Социалистік Еңбек Ері атақтарына ие болды. Ауданда 17 еңбеккер орден мен медаль алып, 1233 адам «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысындағы еңбектегі ерлігі үшін» медаліне ие болды.

Осы жылдары ауданда ауылшаруашылығы саласында 915 әйел егін, 545 әйел малшаруашылығында және 27 әйел артельдерде жұмыс істеді. Солардың бірі Шырын Нарымбаева. Шырын Ақүйік ауылдық советіне қарасты Бірлік колхозында еңбек жолын бастады. Алғашқыда жонға бидай егіп, кейінгі жылдары мақта және мал азығы үшін жүгері дақылдарын егумен айналысты. Стахановшылар қозғалысына қатысып, мол өнім алып диқан атанды. Шырын Нарымбаева 1951 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советіне (ІІІ шақырылған) және 1955 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советіне (ІҮ шақырылған) депутат болып қатарынан екі рет сайланды.

50 жылдары ұсақ колхоздарды ірілендіру шаралары іске асырылып, Жаңақорған ауданында колхоздар бір-біріне қосылып, ірілендірілген ұжымдық шаруашылықтарға, кейіннен совхоздарға айналып жатты.

1950 жылы Жаңаталап, Мәдениет колхоздары «Октябрь» колхозына (Өзгент ауылдық советі) қосылды. Бұл «Октябрь» колхозы кейін Бірлік колхозына берілді. Ынтымақ, Қосүйеңкі, Талдысу колхозы, «Қазақстанның 30 жылдығы», Қызылмақташы, «Политотдел», Елтай мен Қандыарал Молотов атындағы колхозға қосылды. 1957 жылы оның аты өзгертіліп, «Коммунизм» колхозы деп аталды. Келінтөбе мен Талап колхозы (Аққорған ауылдық советі) Ворошилов атындағы колхозға қосылды. 1954 жылы Талап деп өзгертілді. Жаңақұрылыс пен Жайылма колхоздары Ленин атындағы

колхозға қосылды. Тақыркөл, «Красная Звезда», Жаңарық пен Кеңесарық колхоздары «1 май», Ворошилов атындағы және «Октябрь» колхоздары (Бесарық ауылдық советі) Сталин атындағы колхозға қосылды. Сонымен аудандағы бұрынғы 25 колхоздың орнына 1950 жылы ауданда шаруашылығы ірілендірілген 10 колхоз құрылды. Алайда, 1950 жылдары басталған колхоздарды біріктіру ғылыми негізделмей, табиғи факторлар ескерілмей жүргізілді. Кейбір колхоздар бірнеше ауылдарды бірақ қамтыды. Бұдан кейінгі жылдары мамандардың жетіспеуінен кейбір колхоздар ыдырап кетіп жатты.

1952 жылы Жаңақорған ауданында 3776 гектар жаздық бидай, 440 гектар арпа, 260 гектар сұлы, 185 гектар тары, 105 гектар жүгері, 1800 гектар күріш, 700 гектар мақта, 19 гектар көкөніс, 777 гектар бақша егістері болды.

Мал шаруашылығы жақсара түсті. «1 май» колхозының жылқышысы Сапарбаев 150 биеден 147 құлын, «Политотдел» колхозының шопаны Әлжанов 330 саулықтың әр 100-нен 126 қозы алды.

Осы жылы аудандық «Екпінді» газетінде мынадай мәліметтер кездеседі. «...Ленин атындағы колхоздың жылқы фермасының меңгерушісі, депутат Мұсылманқұлов жолдас жұмысты ойдағыдай ұйымдастыра білді. Соның нәтижесінде жоспардан тыс 118 бас жылқы өсірді. Ауылдық советтің активі коммунист Бахрамова жолдас басқарған сиыр фермасында жоспардан тыс 82 сиыр артық өсірілді. Жылқы фермасындағы жылқышы Мұстафаев 50 биеден 52 құлын, сиыршы Самұратов 85 сиырдан 85 бұзау алып, еңбектегі озат өнегелері мен көзге түсті.

Мал шаруашылығын өркендетудің ең маңызды саласы – мал азығының тұрақты шем шөп қорын дайындап, мал қыстату ісіне мұқият әзірлену екенін ауылдық советтің депутаттары мен активтері жақсы түсіне білген. Жоспар бойынша дайындалуға тиісті 7530 тонна шөп жоспары асыра орындалды. Шабылған шөптің барлығы дерлік қысқы мал базаларына тасылған. Мал басының өсуіне байланысты биыл жаңадан 900 бастық стандартты 1 қой қорасын салуды ұйғарған еді, оны да сапалы етіп аяқтады. Жөнделуге тиісті 23 қой қорасын сапалы жөндеуден өткізді. Сондай-ақ, 2 жылқы қорасы, 6 сиыр қорасы да көңілдегідей жөндеуден өткізілген».

1953 жылы аудандағы егістің 87 пайызы суармалы жерге орналастырылды. Ауданда 4300 гектар бидай, 400 гектар арпа, 200 гектар сұлы, 200 гектар тары, 100 гектар дәндік жүгері, 1 600 гектар күріш, 100 гектар бақша егіліп, жиналып алынды. МТС жұмысы жанданып, 12 түрлі 57 машина іске қосылды. «Екпінді» колхозында еңбек еткен Жаңақорған МТС-нің бригадирі Өтепбергеновтің бригадасы 60 га егістен 23,4 центнер бидай, Кеңес колхозының 45 гектар мақтаның әр гектарынан 13 центнерден өнім алды. Сталин атындағы ұжымшардың бастауыш комсомол ұйымының секретары Е.Кәрібаев 1953 жылы «Екпінді» газетіне «Сталин атындағы колхоздың комсомолецтері мен жастары егіннен мол өнім алу жолындағы күреске белсене араласып, елімізде ауылшаруашылығы өнімінің молшылығын жасауда тиісті үлес қосып келеді. Колхозымыздағы бітік өсірілген ерте егін орағы басталысымен оны ысырапсыз жинап алу ісіне

колхоз комсомолецтері бір кісідей қатысып келеді. Колхоздың бастауыш комсомол ұйымының есебінде 20 комсомолец тұратын болса, одан егін орағында істейтіндері – 9. Осы комсомолецтер комбайн орған бидайдың өнімін қырманға жеткізу және оны мемлекетке өткізу жолында қажырлылықпен еңбек етіп келеді», – деп жазды.

Мал шаруашылығы өркендеді. Ауданда 11 100 ірі қара, 129900 қой-ешкі, 12100 жылқы, 1900 түйе бағылып, 2300 құс өсірілді. Аудан бойынша 1953 жылы мемлекетке 1 9000 центнер астық сатылса, мұның ішінде 10000 центнер күріш болды. 2 тонна картоп, 774 тонна сүт, 145 тонна жүн, 52 мың дана жұмыртқа, 16200 дана қаракөл елтірісі сатылды.

Әр жүз аналықтан Кеңес колхозы 117-ден қозы, «Политотдел» колхозы 100 бұзаудан алды. «Красная звезда» колхозының Ленин орденді шопаны Нұрдин Рахманбердиев әр 100 саулықтан 138-ден қозы, Сталин атындағы колхоздың жылқышысы Райымбердиев 68 биеден 68 құлын алды.

1952 жылғы 5-14 қазанда өткен КОКП ХІХ съезі «ССРО-ның дамуының 1951-1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларды» бекітті.

Осы бесінші бесжылдықта ауданда егіс көлемі 12400 гектарға дейін жетті. 8900 гектар дәнді дақылдар егілсе, мұның 1300 гектары күріш болды. Сонымен қатар, 1953 жылы Жаңақорған ауданының шаруашылықтарында мақта дақылдары егілді. Ал, мал шаруашылығында осы жылы 11200 ірі қара, 128200 қой-ешкі, 8600 жылқы, 1200 түйе, 400 шошқа болды, 4600 құс өсірілді.

Алайда, соғыстан кейін халық шаруашылығын қалпына келтіру, ең бастысы Отан ырысын еселеуге қаһармандық әрі табандылықпен еңбек еткен халықтың болашаққа деген сенімі мен отаншылдығы арқасында жүзеге асырылған еді. Сырт қарағанда жап-жақсы көрінетін соғыстан кейінгі бесжылдықтар көрсеткіштерінің арғы жағында жан-жағынан жазалау тәртібімен қыспаққа алынған колхозшылардың азапты ауыр еңбегі, халықты жайлаған кедейшілік пен аштық, бала мен әйелдерді аямай ауыр жұмысқа салу, өлім-жітімнің көптігі, халықты шаршап-шалдықтырудың ең жоғары шегіне жеткізу үрдісі жатты. Қорыта айтқанда, соғыстан кейінгі ауыл шаруашылығын қалпына келтіріп, дамытудың нәтижелеріне баға беретін болсақ-бұл үрдістер халықтың бойындағы күш-жігерін, қазақ халқының табиғатына тән аса зор еңбек ынтасын, тапқырлығын тұншықтырып келген жүйенің арқасында емес, оның еркінен тыс жүріп жатты.

Соғыстан кейін 1946-1953 жылдары халықтың әлеуметтік жағдайы үшін аса бір ауыр кез болды. 1947 жылғы желтоқсанда елімізде бұрыннан қолданылып келген, халықты азық-түлікпен мөлшерлі қамтамасыз ететін карточкалық жүйе жойылып, ақша реформасы жасалғанмен соғысқа дейінгі жылдармен салыстырғанда халықтың өмір сүру деңгейі төмендеп кетті. Әсіресе, соғыстан кейінгі бірінші бесжылдық жылдарында халықтың әлеуметтік жағдайы әлі ауыр болды. Тұрғын үйлер жетіспеді, халықтың өнеркәсіп пен азық-түлік товарларын керек етушілігі толық қамтамасыз етілмеді. Ауданда сауда орындары жұмысты әлі нашар істеді. Медицина

мекемелері санының өсуіне қарамастан, халыққа медициналық қызмет көрсетуде әлі елеулі кемшіліктер болды. Бұдан басқа 1948-1954 жылдарда бағаның төмендеуі халықтан мемлекеттік займ түрінде мәжбүрлеу жолымен ақша жинау және жалақы мөлшерінің мүлде төмен деңгейі арқасында жүзеге асырылды. Дүкендерде сол кезде іздеп таптырмайтын азық-түлік түрлерінің сыймай тұруы, ал қант мен майдың құрып кетуі түсінікті жайт еді. Оның үстіне ауыл тұрғындарының еңбекақысының мөлшері колхоз кірісі деңгейімен белгіленді, ал ол болмашы ғана сомадан тұрды. Себебі, ауылшаруашылығы өнімін мемлекеттің сатып алу бағасы төмен еді. Мәселен, астық өндіру саласында жұмсалған шығынның мемлекет тарапынан сегізден бірі ғана, ал мал шаруашылығында одан да аз төленді. 1946 жылы ауданда бір колхоздың беретін кірісі сол кездегі бағамен 143 мың рубльді, ал 1950 жылы 170 мыңға жуық рубльді құрады. 1950 жылы ауыл тұрғының орташа жалақысы әрең дегенде 40 рубльге жуықтады. Бір колхозшының отбасының барлық мүшелерінің табысын қосқанда колхоз табысынан алар үлесі азын-аулақ болды: ол ақшалай табыстың 20 пайызын және астық кірісінің 38 пайызын ғана құрады. Осы жылдары колхозшының негізгі күнкөрісі жеке отбасының шаруашылығы болып саналды. Жек шаруашылығының арқасында колхозшылар өзіне қажетті еттің, сүттің, жұмыртқаның, көкөністің 70 пайызын қамтамасыз ете алды. Ал, жеке отбасылық шаруашылықтан өндірген азық-түлігін сатқандағы түсім барлық тапқан табысының үштен бірін ғана құрады.

Өз халқының бүкіл тыныс тіршілігін қалт жібермей бақылап отырған мемлекет шаруаның жеке шаруашылығынан түсетін пайдадан да өз үлесін алып отырды. 1939 жылғы КСРО ХКК мен БК (б)П ОК қаулысына сәйкес колхоздағы отбасылық шаруашылығы бар әр үй ауыл шаруашылығы өнімдерін мемлекетке ең төмен бағамен мәжбүрлі түрде өткізіп тұруға тиісті болды. Әр отбасы жылына мемлекетке 40-50 кг ет, 120-280 литр сүт, 30-150 дана жұмыртқа тапсырып тұрды. Шаруалар өздері өндірген өнімнің бір бөлігін ғана базарға сата алатын, алайда тапқан табысының көпшілігін түрлі алым-салыққа төлейтін еді. Колхозшының онсыз да мардымсыз айлығынан мәжбүрлі түрде сақтандыру төлемі мен мемлекеттік займ да алынды. Мәселен, 1953 жылы Сталин атындағы колхоздың сауыншысы Зауре Байрабаева 1500 сомға, Кеңес колхозынан Қазкеев 2000 сомға, Социалистік Еңбек Ері, Екпінді колхозының диханы Әли Исаев, «Политотдел» колхозының жылқышысы Базарбаев және т.б. 1500 сомға мемлекеттік заемге жазылған.

Әрине ел басындағы бұл жағдай бүгінде тек архив құжаттарында ғана сақталынды, бірақ сол кезде колхозда жұмыс істеген немесе балалық шағы сол кезеңге сәйкес келетін азаматтар бұны жақсы біледі. Осылайша соғыстан кейінгі жылдары мемлекет 30-жылдардағыдай халықты азап пен ас ішіп жарымас тіршілікке душар ете түсті, ұлттың дамуын ғана емес, оның генетикалық тегін де аздырды.

1953 жылы қыркүйекте Н.С. Хрущев КОКП Орталық комитетінің бірінші хатшылығына (1953-1964 жылдары) сайланды. «Жылымық

жылдары» аталған 50 жылдардың екінші жартысынан бастап елде игі істер атқарылды.

1953 жылғы қыркүйекте болып өткен КОКП-ның ОК Пленумы ауылшаруашылығында орын алған жағдайға талдау жасап, оның даму болашағын анықтады. Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылық саласына көп көңіл бөліне бастады. Колхоздарға біраз дербестік берілді, ауыл-село еңбеккерлерінің өнім өндіруге деген материалдық ынталылығы арттырылды, ауыл шаруашылық өнімін дайындау және сатып алу бағасы көтерілді, аграрлық секторды техникамен жабдықтау біршама жақсарды, онда электр қуаты кеңірек қолданатын болды, колхоздар мемлекетке төлеуге тиісті қарыздарынан босатылды. Жаңа беталыстың алғашқы кезеңінде мемлекеттік тәжірибеде ауыл тұрғындары отбасы шаруашылығына кейбір жеңілдіктер жасау шаралары қабылданып, ауыл шаруашылығы салығының сомасы төмендетілді.

1954 жылдан бастап аудан шаруашылығының болашақ басты бағыттарын да айқындалды. Өйткені аудан шаруашылығының негізгі бағыты – егіншілік пе, әлде мал шаруашылығы ма дейтін мәселе үлкен пікірталас тудыратын. Аудан басшылығы – егіншілікті де, мал шаруашылығын да бірдей дамыту керек деп шешті. 1950 жылдардың ортасында өңірде ауыл шаруашылығының екі саласын – егіншілік пен малшаруашылығын бірдей дамыту стратегиясының мемлекеттік тұрғыда шешілуі өз жемісін бере бастады. Осы жылдары ауданда егіс көлемі 1 2400 гектарға дейін жетті. 8900 гектар дәнді дақылдар егілді. Осы жылдары Жаңақорған ауданы еңбеккерлеріне арнап 210 үй салынды.

1955 жылы ауданда 5800 гектар бидай, 400 гектар арпа, 300 гектар сұлы, 200 гектар тары, 900 гектар дәндік жүгері, 1 300 гектар күріш егілді. 1956 жылы 14-25 ақпандағы КОКП XX съезінде КСРО халық шаруашылығын өркендетудің 1956-1960 жылдарға арналған алтыншы бесжылдық жоспары жөнінде Директивалар қабылдады. Алтыншы бесжылдықта ауданның ауыл шаруашылығы өркендеп, халықтың да әл-ауқаты арта бастады. Халық ағарту, медицина, мәдени-көпшілік жұмыстары жақсара түсті.

Мемлекетке 10 мың центнер астық сатылса, мұның 5 мың центнері күріш болды. 6 тонна картоп, 12 тонна көкөніс сатылды. Аудан бойынша 11 200 ірі қара, 1 28200 қой-ешкі, 8600 жылқы, 1 200 түйе, 400 шошқа болды, 4600 құс өсірілді.

Жаңақорған ауданы осы жылы мемлекетке 1695 тонна (малдың тірідей салмағымен) ет, 1080 тонна сүт, 283 тонна жүн, 29200 дана қаракөл елтірісі, 60 мың дана жұмыртқа өткізді.

Совхоздар шаруашылығын жүйелі басқарып, оны өркендетуде, өздерінің өмір тәжірибелерін пайдалана отырып аянбай еңбек еткен, ұйымдастырушылық және іскерлік қабілетімен танылған талай майталман кадрлар өсіп жетілді. Соның бірі – Исатай Нақыпұлы Топышев еді. Исатай Топышев 1935-1937 жылдары Кеңес колхозының төрағасы болса, ал 1942-1945 жылдары Ворошилов атындағы колхозды басқарды. 1946 жылы ол

Кеңес колхозының басқарма төрағасы болып қайта сайланды. И. Топышев содан «Октябрь» мен «Кеңес» колхоздары ірілендіріліп, 1958 жылы Сталин атындағы колхоз болып ұйымдасқанға дейін осы шаруашылықты басқарып келді. И. Топышев басшылық жасаған «Кеңес» колхозы 1956 жылдың өзінде 595 гектар бидай, 175 гектар мақта, 60 гектар жүгері, 10 гектар бақша екті.

Шаруашылықта 7592 қой, 540 ірі қара, 235 жылқы, 102 түйе болды. Сол жылғы таза табыс 1 миллион 236 мың 550 сом болып, ұжымшар «миллионер» атанды. Әр еңбеккер жылына 150-ден 450 еңбеккүнге дейін тапты. Әр еңбеккүнге 4,5 сомнан ақша, 2,5 килограмнан бидай берілді. Шаруашылық есебінен жаңадан үйлер салынып, үйі нашар еңбеккерлер жаңа үйлерге қоныстанды. Колхоз шағын радиостанса сатып алып, әрбір үй радиоландырылды. Еткен еңбек босқа кеткен жоқ. И. Топышев 1957 жылы Мәскеудегі Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысты. «Құрмет белгісі» орденімен, «Еңбектегі жетістігі үшін» медальдарымен марапатталды.

1956 жылы аудан егін жинаудан тағы да алға шықты. Бірқатар колхоздар егістен мол өнім жинауды қамтамасыз етті. Екпінді колхозының №1 өндіріс бригадасының бригадирі Түлкібаев 125 гектар бидайдың әрбір гектарынан 10 центнерден, 150 гектер күріштің әр гектарынан 22 центнерден алса, Молотов атындағы колхоздың күріш егісінің звено жетекшісі Сопанаев күріштің әр гектарынан 27 центнер, «Красная звезда» колхозының звено жетекшісі Цой Иван әр гектардан 42 центнер, «Октябрь» колхозының жүгерішісі Исаханова әр гектардан 20 центнер, Кеңес колхозының мақташысы Бектемісова әр гектардан 23 центнерден өнім жинады. Сонымен бірге Ворошилов, «Политотдел», «Октябрь» колхоздар жүгеріні дәндей және сүрлемдей мол өнім жинады [43]. Ал, «Горняк» қосалқы шаруашылық диханы Нұртаев 15 гектар күріштің әр гектарынан 45, Мунь Ир әр гектардан 35 центнерден өнім жинаса, Бекназаров бақша өнімдерінен 200 центнер, Сак Фак Лиди 5,5 гектар помидордан 150 центнер өнім жинап, жоғары көрсеткіштерге жеткен.

1958 жылы аудан бойынша жаздық бидай егу жоспары 2338 гектар орнына 4313 гектар, яғни 183 пайыз, дәндік жүгері 525 гектар орнына 539 гектар, яғни жоспар 102,8 пайыз, күріш 400 гектар орнына 550 гектар, яғни жоспар 138 пайыз орындалды. Осы жылы аудан мемлекетке 165 мың пұт астық беріп, облыста бірінші болып міндеттемесін орындап шықты. Аудан бойынша 12600 ірі қара, мұның ішінде 4100 сиыр, 187400 қой-ешкі, 5200 жылқы, 1100 түйе, 800 шошқа болды, 4200 құс өсірілді. Мемлекетке 11 80 тонна ет (малдың тірідей салмағымен есептегенде), 637 тонна сүт, 418 тонна жүн, 40200 қаракөл елтірісі сатылып, 35 мың дана жұмыртқа өткізілді. «Красная звезда» атындағы колхоздың шопаны Рахманбердиев Нүриддин әр жүз саулықтан 138-ден қозы алып, әр қойдан 2,5 кг жүн қырықса, Кеңес колхозының шопаны Әмір Ахымов әр жүз саулықтан 120 қозы алды. «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының шопандары әр жүз саулықтан 113-118-ден қозы алып, қой жүні мен қаракөл елтірісін мемлекетке өткізудің өзінен 894 582 сом пайда тапты. Осы колхоздың сауыншысы Цой Ольга

жылына әр сиырдан 1200 литрдің орнына 2200 литр сүт сауып, облыстық еңбек жарысында 1-орынды иеленді.

Соғыстан кейінгі жылдары ауыл шаруашылығы мамандарын даярлау және қайта даярлаудың жүйесі жолға қойылды. Колхоздар мен совхоздарға қызмет көрсетуге тиіс машина-трактор стансфларын (МТС) техникамен жабдықтауға үлкен көмек көрсетілді. Төртінші бесжылдықтың соңына қарай республика МТС-тары күшейіп, колхоздардың 95 пайызына қызмет көрсетті, ал бұл көрсеткіш 1946 жылы 76 пайыз ғана болған еді.

МТС-тар өз кезегінде колхоз, совхоздарға көрсеткен қызметтері үшін олардан ақшалай, заттай алымдар алып тұрды. Көптеген шаруашылықтар мемлекеттік жоспарды орындағанмен МТС-тарға төлеуге шамасы жетпейтін. Мәселен, 1956 жылы Жаңақорған ауданы бойынша колхоздар Төменарық МТС-на 5975 центнер астық, 8 центнер сүт, 197 центнер ет, 23082 сом ақша, Жаңақорған МТС-ына 3551 центнер астық, 38 центнер картоп, 16 центнер мақта, 167 центнер ет, 28887 сом ақшаны төлемеген.

1958 жылы 26 ақпанда КОКП Орталық комитетінің пленумы болып, Н.С. Хрущев колхоз құрылысын жетілдіру және МТС-ты (машина-трактор стансаларын) қайта құру туралы баяндама жасады. Бұл реформаның негізгі мақсаты МТС-ты таратып, колхоздарға керекті техника сатып беру болды. Бұл кезде колхоздардың қаржылық жағдайлары өте төмен болатын. Сондықтан, техниканы сатып алу үшін мемлекеттен несие немесе қарыз алуға мәжбүр болды. Колхоздардың мемлекетке қарызы 12%-ға өсті. 1958 жылы МТС-терді таратуға байланысты олардың техникасы колхоздарға сатылды. Колхоздарда трактор және басқа да ауыл шаруашылығы машиналарының паркі қалыптаса бастады. Кейбір жерлерде техникаларды жөндеу үшін ауданаралық техникалық-жөндеу стансалары (РТС) құрылды. Кейіннен бұл стансалар да жойылып, олардың міндеттері республикада жаңа құрылған «Казсельхозтехника» өндірістік-техникалық жабдықтау бірлестігіне жүктелді.

50 жылдардан бастап ССРО-да колхоздарды ірілендіру жүргізілді. Бұл шаралардың барысында өздерінің шаруашылықтарын жүргізе алмайтын, техниканы сатып алуға, тыңайтқыштар пайдалануға мүмкіндігі жоқ ұсақ колхоздар біріктірілді. 1957-1961 жылдары Жаңақорған ауданы бойынша да ұжымшарлар қайта біріктіріліп, мемлекеттік шаруашылықтар – совхоздар құрыла бастады. 1957 жылы Бірлік, «Қазақстанның 30 жылдығы» және «Политотдел» колхоздарының негізінде «Бірлік» қаракөл қой совхозы құрылды. 1962 жылы «Екпінді», «Коммунизм», «Красная Звезда» және Ленин атындағы колхоздардың негізінде «Красная Звезда» қаракөл қой совхозы ұйымдастырылды. «XXII партсъезд» және «Талап» совхозының негізінде «Талап» қаракөл қой совхозы құрылды. «Төменарық» қаракөл қой совхозы «Бірлік» шаруашылығынан енші алып ұйымдасты. Бұл реформа кезінде ауыл шаруашылығында өнім өндіру 3-5 пайызға артты.

1959 жылы ауданда жүгерінің егіс көлемі 1 722 гектарға жеткізіліп, оның 767 гектары дән үшін егілді. Сол кездегі аудан мәліметі бойынша дәнді дақылдар уақытында жиналып, мемлекетке 114606 пұт астық, оның ішінде

48300 пұт сортты жүгері өткізіліп, аудан 1959 жылы 20 қыркүйекте астық тапсыру жоспарын 102 пайыз орындап шықты. Сонымен қатар, ауданда бірыңғай 14 өндірістік трактор бригадасы жасақталды. Аудан бойынша осы жылы 49 шопан өз міндеттемелерін асыра орындап шығып, мемлекетке ет тапсыру жоспары бойынша әрбір ірі қараны 308, қойды 51 килограмнан өткізді.

Осы кезде КОКП пленумдарынан кейін шаруашылықты ұйымдастырудағы партияның бір әдісі әр саладағы еңбекшілер арасында социалистік жарыс ұйымдастыру еді. «Коммунизм» колхозының қарт шопаны Тұрлыбек Құлбаев қарауындағы 500 аналықтың әр жүзінен 130-дан қозы алуға міндеттеніп, колхоздың жас шопандарын социалистік жарысқа шақырады. Әрине, социалистік құрылыстағы жоспарлы экономикада бесжылдық жоспарларды артығымен орындау, әр түрлі жарыстар ұйымдастыру, нәтижеге жетуде жоғары сандық көрсеткіштер көрсету қалыптасқан үрдіс екені белгілі. Сонда да болса мұндай жарыстардың өзіндік тиімділігі де болды.

Бірақ елде қалыптасқан басқару жүйесі ауыл шаруашылығының дамуын экстенсивті жолмен жүргізе берді. Жоғарыда аталған жылдардағы ауыл шаруашылығындағы ілгерілеу сапаның емес, санның есебінен жүзеге асқанын атап айтқан жөн. Басқаша айтқанда, колхоз-совхоз жүйесінің экстенсивті механизмі сол күйінде сақталды. Дегенмен, 1954-1958 жылдары ауыл шаруашылығы ішкі өнімнің теңдесі жоқ деңгейде өсіуіндегі экстенсивті фактордың өзі рөлі мен мәні жағынан отбасылық жеке меншік шаруашылықтан тыс қалды. 1958 жылы Қазақстан бойынша осы аталмыш секторда бүкіл ірі қара малдың 43,6 пайызы, сиыр басының 36,6, қойдың – 17, ешкі басының – 47,5 пайызы шоғырланса, отбасы меншігі шаруашылығы бүкіл ет өнімінің 36,2 пайызын, жүннің – 16,4 пайызын беріп отырған.

Алайда, қарастырылып отырған жылдары партия жеке меншіктің тамырын жайғызбай, түбірімен қопару, ауылшаруашылығын жаппай қоғамдастыру саясатын ұстанды. Көп ұзамай 1954 жылы наурызда ССРО Министрлер кеңесінің қаулысы шығып, отбасылық меншіктегі қора-жай учаскелерінің мөлшері азайтылды. Сонымен қатар үкімет «жекеше және қоғамдық мүддені біріктіру», колхоздағы еңбекті жеке шаруашылықтағыдан әлдеқайда тиімді ету үшін, авансты енгізу жолымен, еңбекақыны кепілді ақшамен төлеуге көшуге әрекет жасалынды. Алайда, бұл шаралар, жеке күнкөріс көзі болып табылатын өзіндік отбасылық шаруашылықтың орнын толтыра алмады.

Ауданда астық молшылығын жасаумен қабат, мал шаруашылығын әсіресе оның ішінде азайып кеткен ірі қара басын көбейтіп, одан өндірілетін өнімді молайту жолындағы шаралар қолға алынды. Осы мақсатта жүгері егісін ұлғайту мәселесі күн тәртібінен түспеді. Оған себеп 1959 жылы Н.С. Хрущев өзінің АҚШ-қа сапарында Айова штатындағы фермер Р. Гарсттың жүгері даласында болып, «жүгері ауруын» жұқтырып келген болатын. Бұл дақыл – американдықтардың негізінен күнделікті өмірінде тамақ ретінде пайдаланатын тағамдарының бірі. АҚШ-тың көптеген

штаттары жүгері өсіруге табиғаты жағынан қолайлы болып келеді. Сондай-ақ, бұл дақылды малдардың жем-шөбіне пайдаланды. Алайда, АҚШ-тың ауыл шаруашылығының дамуы ССРО-мен салыстыруға келмейтін еді.

Н.С. Хрущев АҚШ-тан келгеннен кейін жүгеріні барлық аудандарда егуге міндеттеді. Ауа райы мен суармалы шаруашылықтардың ерекшеліктері ескерілмеді. Солтүстік Қазақстанда, Сібір және Оңтүстік Орал аудандарында егіле бастады. Тіпті ауа райы, жердің топырағы мүлдем сәйкес келмейтін Ленинград облысында 15 мың гектар жерге жүгері екті. 1955-1959 жылдарда жүгері егілген жердің 20%-ына астық шықпай қалды. 37,5% егіс көлемі өнім берді, ауа райы қолайлы, суармалы шаруашылықтарда әсіресе, оңтүстік өңірлерде, оның ішінде Жаңақорған ауданында егіс көлемінің 11 пайызы жақсы өнім берді. Осы теріс шараның зардаптарының бірі жүгері құнарлы жерлерге егіліп, астық дақылдарының егіс көлемі азайтылды.

Жүгері әрі астық, әрі малдың құнарлы азығы деп есептелді. Сол кездері ақындар жүгері туралы:

Жүгері – дақыл бағалы,

Жесе – малдың тамағы.

Жүгері деген мол болса,

Май мен сүт боп ағады, –

деп жырлады.

Ауданда 1953 жылы 100 гектар ғана дәндік жүгері егілсе, бұл 1960 жылы 2400 гектарға жеткізілді. 1955 жылы ауданда 4 мың центнер жүгері дәні өндірілсе, ал 1960 жылы өндірілген жүгері дәні 31 мың центнерге жетті. Елуінші жылдардың орта кезіне дейін сүрлемдік жүгері егілмесе, ал 1966 жылы ауданда 2400 гектар сүрлемдік жүгері егілді.

Ауданда жүгері өндірудің майталман шеберлері есіп шықты. Әсіресе «Бірлік» кеңшарының жүгеріші-диқандары Әбдірахым Ақбалаев, Жақат Әбдірейімов, Әбдіхалық Ошановтардың есімдері облыс, республикаға мәлім болды. Әбдірахым гектар сайын 500 центнерден көк балауса жинаса, Жақат әр гектардан 50 центнерден жүгері дәнін алды.

Майталман диқандардың қажырлы еңбектері жоғары бағаланды, Әбдірахым Ақбалаев Ленин орденімен, кейінірек Октябрь революциясы орденімен марапатталды, «Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» атанды. Қазақ ССР Жоғары Советі Президиумының Құрмет грамотасын да алды. Мәскеудегі көрмеге барды. Сол жылдары Жақат Әбдірейімов Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталып, «Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» деген құрметті атаққа және Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Құрмет грамотасына ие болды. Сыйлыққа «Волга» жеңіл автокөлігін мінді.

1965 жылы «Төменарық» қаракөл қой совхозының малшылары 45000 аналық қойдың әр жүзінен 140-тан қозы алып, республикада жүлделі 2-ші орынды алды. Аталған жылдары шопандармен қатар осы жетістікке жетуде шаруашылық жұмыстарын ұйымдастыруда совхоздың партия ұйымы хатшылығын атқарған Шаухаманов Назарбектің еңбегі зор болды. Осы ерен еңбегі үшін ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1966 жылғы 16

наурыздағы жарлығымен Н. Шаухаманов «Айрықша еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Күн еткен сайын ауданның алдында ауыл шаруашылығын одан әрі өркендету міндеті тұрды. Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетумен қатар егіннің де шығымдылығын арттыра отырып, одан мол өнім жинаудың басқа да жолдары қарастырылды. Бұл жөнінде әсіресе Сырдарияның сол жағалауындағы талай заманалар бойы кенезесі кеуіп кезеріп, суландыруды күтіп, түгін тартсаң түлегелі тұрған Түгіскен алқабын игеру мәселесі атпал азаматтардың ойын мазалап, салиқалы жиын мінбелерінен айтылып, жоғары орындардың алдына да аз қойылмады.

Мұның жөні де бар еді. Бағзы замандарда Сырдарияның сол жағалауындағы ел енді-енді отырықшылыққа айнала бастаған кезеңде диқандар шағын-шағын жерді қоршап алып, ағаш соқамен жерін жыртып, өгіз жеккен шығырмен егінін суғарып, диқандық еткен. Осы өңірдегі «Өгіз жылғасы» мен оның бір тармағы «Ішкі Өзгент» бойына қоныстанған ел өзеннен арық тартып егін салған. Бірақ бұл өңір алғашқыда моңғолдардың, кейінірек Бұқар, Хиуа хандықтарының тұс-тұстан жасаған шабуылы салдарынан бүліншілікке ұшырап, тоз-тоз боп кеткен еді.

1965 жылдың наурыз айында КОКП Орталық Комитетінің Пленумы «ССРО-да ауыл шаруашылығын одан әрі дамытудың кезек күттірмейтін шаралары туралы» мәселені талқылады. Ауылшаруашылықты облыс болғандықтан бұл құжаттың Сыр өңірі тұрғындары үшін маңызы зор еді. Ауылшаруашылығына орасан зор қаржы бөлініп, өңірдегі колхоз-совхоздардың материалдық-техникалық базасын көтеру көзделді. Ауыл шаруашылығы өнімдеріне деген баға тұрақтанатын болды. Әсіресе, колхозшы-шаруалардың жеке шаруашылығын дамытуды қолға алу маңызды еді.

Түгіскен алқабын игеру 60 жылдардың басынан бастап-ақ қолға алына бастады. Бұл (1963-1965 жжылдары) Жаңақорған ауданының Шиеліге қосылған кезі болатын. Аудандық партия комитетінің хатшысы алғашқыда Байбол Сопбеков, кейіннен Ғафур Мұхамеджанов болды.

1964 жылы Келінтөбе совхозы Талап совхозынан енші алып, тұңғыш рет Түгіскен алқабында шаңырақ көтерді. Совхоз директоры Жұмағали Атабаевтың, совхоз партия комитетінің хатшысы Сүлеймен Әлиевтің ұйымдастыруымен бұл шаруашылыққа 230 үй көшіп келіп қоныстанды.

Түгіскен алқабын игеруді тек аудан емес, бүкіл облыс болып қолға алды. Күрделі мәселе ретінде республика алдына қойылды. 1967 жылы Келінтөбе каналын қазу жұмыстары басталды. Келінтөбе каналының сағасы Сырдарияның Түркістан тұсындағы «Үш қайық» деген жерден бастап алып, ұзындығы 35 шақырымға созылды.

1965 жылы желтоқсанда Жаңақорған ауданы Шиеліден бөлініп шығып, өз алдына аудан боп құрылды. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Шәймерден Бәкіров болды. Ш. Бәкіров жастайынан басшылық қызметтерді абыроймен атқарды. Ол небәрі 20 жасында Шиелі ауданында суландыру жүйесін басқарса, 36 жасында Жаңақорған аудандық партия

комитетінің бірінші хатшысы болды. Бұл оның білімділігін, іскерлік-кабілетінің жоғарылығын көрсетеді. Шәймерден Бәкіров Жаңақорған ауданында 1966-1970 жылдары аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет істеген жылдары Түгіскен алқабы игеріліп, 100 шақырымдай арна (қазіргі З. Мұсаханов атындағы) қазылды, ауданда мал шаруашылығы өсіп, одан өндірілетін өнім артты. Халықтың әл-ауқаты жақсара түсті.

Көп ұзамай облыс орталығынан ПМК-29, ПМК-33, көрші Шымкент облысы ПМК-8 құрылыс мекемелерінен эксковаторлар мен бульдозерлер, самосвал машиналары келе бастады. Ауданның ПМК-34 мекемесінің механизаторлары жұмысқа қызу кірісіп кетті. 1966-1967 жылдары Келінтөбе каналының төменгі жағынан үш күріш кеңшары ұйымдастырылды. Осы кеңшарларға су беру үшін каналдың аяғын 40 шақырымға, төрт жерден тоспа шлюздерін, кеңшарлардың ішкі су жүйелерін салу және Түгіскен массивін игеру мақсатында №2 трест ұйымдастырылды. Оның құрамында ПМК-33, ПМК-34 сияқты мекемелері болды. Осы кезде Түгіскен алабын игеруде 75 «С-100» бульдозері, 20 скрепер, 50 экскаватор және 100-ге тарта автомашина тартылды. Аудандық партия комитеті аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Зұлпыхар Мұсахановтың басқаруында Келінтөбе арнасының құрылысын жүргізетін штаб құрып, Түгіскен тыңына шабуыл осылай басталды. Үлкен ұйымшылдықтың нәтижесінде арна құрылысы қызу қарқынмен жүргізілді. Екі-үш жылдың ішінде арна құрылысы аяқталып, межелі жерге дейін созылды. Ұзындығы 100 шақырым, сыйымдылығы 107 текшеметр сумен бірге бұл өңірге өмір келді. Ғасырлар бойы құлазып жатқан кең дала аз ғана уақыттың ішінде бойына қан жүгіріп, құлпыра түсті. «Келінтөбе» каналының штаб бастығы болған Зұлпыхар Мұсаханов «Қазақ ССР-ның ауыл шаруашылығы еңбегі сіңген қызметкері» құрметті атағына ие болып, екінші рет Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

Түгіскенді игерудегі үлкен құрылыстардың бірі – Бесарық стансасы тұсынан дарияға салынған көпір болды. Бұл көпірдің аудан экономикасын дамытуда және дарияның арғы беті мен бергі бетін жалғастыруда үлкен рөлі болды. Сонымен қатар тау өзендерінің су қоймасын салу жұмыстары қатар жүрді. 1974 жылы сыйымдылығы 21 миллион текше метр болатын «Бесарық» су қоймасы, 1985 жылы сыйымдылығы 10 миллион текше метр болатын «Жиделі» су қоймасы салынып, пайдалануға берілді. Түгіскен алқабын игеруде су мамандары Қ. Әйменов, Б. Бегімбетовтардың еңбегі зор болды.

Түгіскен алқабында тұңғыш рет ірге көтерген Келінтөбе совхозы алғашқы жылы 205 гектар күріш егіп, әр гектарынан 40 центнерден өнім берді. Келесі жылы бұл шаруашылық күріш көлемін 550 гектарға жеткізіп, гектарына 50 центнерден өнім алуды қамтамасыз етті. Кеңшар директоры Жұмағали Атабаев Ленин орденімен марапатталып, сыйлыққа «Волга» жеңіл автокөлігін мінді.

Келінтөбе совхозын кейінгі жылдары Шәуленбек Дүйсебеков, Сүлеймен Әлиев, Батырбек Ысқақов, Қозтай Әбуов, Мадияр Ахметовтар басқарды. Келінтөбе совхозынан кейін Түгіскен алқабында 1966 жылы

«Красная звезда» совхозы негізінде Задария, 1967 жылы Талап совхозы негізінде Түгіскен, Бірлік совхозынан бөлінген «КОКП XXIII съезі», 1972 жылы Түркістан кеңшарынан бөлінген «КОКП XXIV съезі», 1973 жылы Өзгент совхоздары құрылды. Бұрын дарияның сол жағалауы мидай дала болса, алқапты игеру нәтижесінде бұл өңірге жаңадан 6 совхоз орналасып, бау-бақшалы үлкен елге айналды. Совхоз орталықтарында жаңа тұрғындардың өз күшімен салынған үйлер бой түзеп, мектеп, клуб, сауда орындары бой көтерді. Жаңадан шаңырақ көтерген Задария совхозының директорлығына іскер, ұйымдастырушылық қабілеті мол, 17 жасында Қызылмақташы колхозын басқарған, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген агрономы Әбдіғаппар Нұртазаевты бекітеді. Ол жұмысты қолға алысымен ертеректе ашаршылықтан, қуғын-сүргіннен бас сауғалап Өзбекстан мен Тәжікстанға қоныс аударып кеткен 500-дей жерлестерімізді қайта көшіріп әкеліп, шаруашылықтың жұмысшы қолын көбейтті, олардың жайлы үйлерге орналасуын қамтамасыз етті.

Мектептер мен клубтар, ит тұмсығы батпайтын тоғай арасынан жол салу, жер тегістеу, күріш плантацияларын белгілеу секілді мың сан шаруалар жүзеге асырылды. Нәтижесінде «Задарья» кеңшары аудандағы ірі шаруашылықтардың біріне айналды.

1967 жылы Түгіскен алқабында 4 мың, 1970 жылы 8 мың, 1980 жылы 16,5 мың гектар жер инженерлік жүйеге келтірілді. Ауданда жылына 40 мың гектар жерге егіс егіліп, жылына 600 мың центнер күріш Отанымыздың астық қоймасына құйылып жатты. Ауданның жыл сайын мемлекетке сататын астығының орта есеппен 90 пайызын Түгіскен алқабының шаруашылықтары өндірді. Осы алқаптың күріш өндіретін шаруашылықтары сегізінші бесжылдықта мемлекетке 628 мың, тоғызыншы бесжылдықта 1 миллион 127 мың центнер сыр маржанын қамтамасыз етті. Осы жылдары ауданның ақшалай табысы 4 миллион сомнан 22 миллион сомға өсті, оның тең жартысы тек күріш сатудан түсті.

Түгіскен алқабының игерілуі ауданда астық молшылығын жасаудың көзін ашты, жағымды мал азығын дайындау молая түсті. Ауданда егіс көлемі 1966 жылы 13 500 гектар болса, 1980 жылы 32 700 гектар болдыға, оның ішінде дәнді дақылдар 7900 гектардан 17400 гектарға дейін ұлғайды. Күріш егістігі 2700 гектардан 13500 гектарға жетіп, жоңышқа алқабының көлемі 2900 гектардан 12900 гектарға дейін көбейді.

Бір ерекшелігі, 1954-1959 жылдары еліміздегі тың және тыңайған жерлерді игеруге басқа республикалардан діні, тілі бөлек адамдар көшіріліп әкелінсе, Түгіскен алқабын игеруге 30-жылдары аштық және саяси репрессия кезінде Сыр өңірінен көшіп кеткен бауырларымыз тартылды. Оларды елге қайтару үшін ел ақсақалдары Өзбекстан, Тәжікстан республикаларына барып, ағайындарды елге алып келді. Көшіп келушілердің дені көпшілігі жаңадан ұйымдастырылған совхоздарға қоныстанды. Бұл кеңшарлардың орталықтары жаңа үлгімен салынды.

Осы кезде ПМК-34 мекемесі Жаңақорған ауданы орталығынан 124 үй, 120 орындық балалар бақшасы, кинотеатр, екі қабатты кеңсе салды.

Мекеме басшысы Қ. Қанаев жаңадан ашылған «КОКП ХХІҮ съезі» атындағы кеңшардың директоры қызметіне ауысып, шаруашылықты ұзақ жылдар бойы табысты басқарды. Тек 1972 жылдың өзінде совхоздың өзі 900 гектар жерге күріш егіп, мол өнім жинады. Аз ғана уақыттың ішінде кеңшарда жаңа үйлер бой түзеп, көшелер асфальттанып, клуб, монша, сауда дүкендері салынды. Совхоз басшысының шаруашылықтағы табысты еңбегі бағаланып, «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медалдармен марапатталды, Мәскеудегі Бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмелеріне бірнеше рет қатысты.

Осы тұста аудан шаруашылықтары арасында еңбекшілерді ынталандыру мақсатында әр тоқсан сайын түрлі сала бойынша социалистік жарыстар ұйымдастыру ісі жандана түсті. 1976 жылы ауданның ауыспалы вымпелі мен Қызыл туын күріш және басқа ауылшаруашылын дақылдарын күтіп-баптаудағы социалистік жарысқа қосыла отырып, егіс күтімін өз дәрежесінде сапалы жүргізген, күріш егісінің су режимін сақтай білген, үстеп қоректендіру, арам шөпке қарсы гербицид қолдану, зиянкестерге қарсы улы химикаттарды өз дәрежесінде пайдаланып, 1215 гектар күрішті бір рет, 1100 гектар күрішті екінші рет үстеп қоректендірген және 800 гектар күріш егісінің арамшөбіне қарсы гербицидті тиімді пайдаланғаны үшін КОКП ХХІІІ съезі атындағы совхозға (директоры Н. Айдарбеков, партия комитетінің секретары М. Сайпыназаров, жұмысшылар комитетінің председателі Ә. Сыздықов, ауылдық советі атқару комитетінің председателі С. Мәтешов, комсомол комитетінің секретары К. Жалалов) тапсырылса, 1976 жылдың ІІІ тоқсанында тапсырмадағы 1968 центнер орнына 2300 центнер ет өндіріп, тоқсандық тапсырманы 116 процентке орындағаны және мемлекетке өткізілген әрбір қойдың орташа салмағын 43 килограмнан өткізгені үшін Қызыл Ту «Красная звезда» совхозына (директоры Ш. Қарақожаев, партия комитетінің секретары Ә. Шоманов, жұмысшылар комитетінің председателі Б. Бектасов, ауылдық Советі атқару комитетінің председателі У. Танатарова) тапсырылды. Сол жылы сүт өндіруден социалистік жарыстың қорытындысы бойынша ең жоғарғы көрсеткішке жеткен «Сунақата» совхозына да (директоры М. Әбдіреймов, партия комитетінің секретары Ә. Әйтилеуов, ауылдық Совет атқару комитетінің председателі Ж. Бекманова, жұмысшылар комитетінің председателі Б. Тұңғышбаева, комсомол комитетінің секретары К. Қыстаубаев) ауыспалы Қызыл ту тапсырылған.

1964 жылғы 5 наурызда атақты күрішші Ы. Жақаев баспасөз бетінде «Жас ұрпаққа сәлем хатын» жолдағаннан кейін, Сыр бойында жақаевшылар қозғалысы кең етек алды. Жақаевшылар үнемі бас қосып, күріш егісінің өнімділігін арттыру, жер және су ресурстарын тиімді пайдалану жолындағы қол жеткен табыстарын ортаға салып, тәжірибе алмасып отырды. Ы. Жақаевтың ізбасарлары ең жоғары нәтижелерге жете отырып, жергілікті жағдайға бейімделген күріштің жаңа сорттарын өсірді және озық технологияларды қолданды. Жыл сайын өтетін жас күрішшілердің дәстүрлі слетінде «Ыбырай Жақаевтың еңбек аттестаты» тапсырылды. Жақаевшылар туралы «Жақаевшылар маршы», «Жақаевшы жастар жыры», т.б. әндер

шығарылды. 1964-1972 жылдары атақты күрішшілер Ы. Жақаевтың, Ким Ман Самның ізбасарлары, жаңа толқынның өкілдері – жаңақорғандықтар Аралбек Әбиев Социалистік Еңбек Ері атанып, Әлиасқар Сұлтанов Еңбек Даңқы орденінің толық иегері болды. Сол сияқты, Қамар Үсенбаева мен Тынысбек Ысқақов қажырлы еңбектерінің арқасында халық құрметіне бөленіп, Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутат болып сайланды. Дихандар: Керуенбай Ысқақов, Есқожа Ысқақов, Айымтай Әжібаева, тракторшы қыз Айша Наубаева, т.б. есімдері ерен еңбектері нәтижесінде басылымдарға жарияланып, Түгіскен тыңын елге танытты.

1965 жылы Сунаката күріш совхозы Төменарық совхозынан енші алып құрылды. 1970 жылы «Түркістан» қаракөл қой совхозы (1964 жылы құрылған) Шымкент облысынан Жаңақорған ауданының қарамағына берілді. 1977 жылы аудандық советі шешімі негізінде және Бірлік совхозынан ішінара жер бөлініп, Жаңақорған аудандық арнайы мамандандырылған мал бордақылау бірлестігі ұйымдастырылды.

Аталған жылдары Жаңақорған ауданында 5 қой өсіретін совхоз болды. Осы жылдары отбасылық меншікті қоса есептегенде қой саны 300 мың басқа жетіп, облыстағы қойлы аудан болды. Сонымен қатар ауданда 10 мың бас жылқы, 2 мың бас түйе, 17 мың бас ірі қара мал болды. Озаттардың саны артты. Төменарық совхозының шопаны Орынбай Бидашов 1971-1975 жылдар аралығындағы тоғызыншы бесжылдықта орта есеппен әр жүз саулықтан 170-тен қозы алып, мемлекетке 2685 дана бірінші сортты қаракөл елтірісін тапсырды. Мал басын 98 пайызға аман сақтап, осы жылдары совхозға 103280 сом таза пайда әкелді. Ал, 1975 жылы қарауындағы отардың әр жүз саулығынан 228-ден қозы алып, 400 қозыны өсімге қалдырды. Осы еңбегін үкімет жоғары бағалап, ССРО Жоғары Советі Президиумының 1976 жылы 10 наурыздағы Жарлығымен Орынбай Бидашовқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Жұлдыз совхозының шопаны Шоманбай Әбжалов та оныншы бесжылдық тұсында (1976-1980 жылдары) қойдың 100 аналығынан 150-215 аралығында қозы алып, әр қойдан 3-4 киллограмнан жүн қырықты. Оның осы еңбегі жоғары бағаланып, 1981 жылы 8 сәуірде ССРО Жоғары Советі Президиумының Жарлығымен оған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

1987 жылы Түгіскен совхозына жоғары білімді ғалым-агроном Наятулла Қарақожаев директор болып келді. Ол бұл совхозға директор болып тағайындалғанға дейін аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, аудан әкімінің ауыл шаруашылығы жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарып келген болатын. Ол қолдағы бар мүмкіндіктерді есептей отырып, ғылыми-практикалық негіздерге сүйенді. Егілген егіннің шығымдылығын, өнімділігін арттырудың жолдарын қарастырды. Нәтижесінде, 2-3 жылдың ішінде кеңшар жыл сайын пайдамен шығу жолына түсе бастады. 1988-89-90 жылдары қатарынан облыста 1-орынға шығып, республиканың ауыспалы Қызыл Туын 3 мәрте жеңіп алып, соңында ауыспалы Қызыл Ту совхоздың өзінде қалдырылды.

Осы жылдары тракторды меңгерген қыз балалардың саны да артты. Солардың бірі – Әзия Қыстаубаева. Әзия №17 Жаңақорған кәсіптік-

техникалық училищесіне оқуға түсіп, тракторшы мамандығын алып шыққан алғашқыда Беларусь («МТЗ-80») тракторының руліне отырған ол кейіннен шынжыр табанды тракторды, алып «К-700» тракторын меңгеріп, комсомол жастар арасында жұлдызы жарқыраған механизатор болды. 1980 жылы Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің Құрмет дипломын және сыйлыққа «Москвич-412» жеңіл автокөлігін алды.

1982 жылы мамыр айында КОКП Орталық Комитетінің пленумы болып өтті. Онда Азық-түлік бағдарламасы қабылданды және агроөнеркәсіптік кешеннің тиімділігінің жеткіліксіз дәрежеде екендігін мойындауға мәжбүр болды. Пленум азық-түлік мәселесін шешудің бірден-бір мүмкін жолы интенсивтілігі басым өсу факторларына көшу деп тапты. Алайда, азық-түлік бағдарламасы мен ауылшаруашылық өндірісінің құлдырауын тоқтатуға бағытталған өзге де әрекеттер айтарлықтай нәтиже бермеді. Өйткені бағдарлама басқарудың ескірген жүйесі аясында жасалды және шаруалардың түбегейлі мүдделерін, ауыл еңбеккерлерінің экономикалық мүдделерін қозғаусыз қалдырды. Шаруашылықты басқару, оны жүргізу тәсілдері өзгеріссіз қалды. Аталған жылдары совхоздар бұрынғы колхоздарды басқару әдісін сақтап қалды. Колхоздар мен совхоздардың шаруашылық дербестігі бұрынғысынша жоғарыдан реттелді. Осының салдарынан ауыл шаруашылығындағы жағдайдың дағдарыстық сипаттары көбейе түсті. Шаруашылықты экономикалық әдіске көшіру, басқаруды демократияландыру, колхоздар мен совхоздарды өзін-өзі басқаруға көшіру, яғни 1982 жылы құрылған Госагропромның жүйесі аталған жұмыстарын іске асыра алмады. Мұның аяғы советтік қоғамның тоқырау кезеңіне алып бара жатты.

Жаңақорған аудандық жол бөлімшесі 1958 жылы Шиеліден бөлініп, өз алдына бөлімше болып құрылды. Бөлімшені 1958-1964 жылдары Нәлібай Нысанбаев басқарды. Сол жылдары Шымкент – Қызылорда үлкен асфальт жолы салына бастады. 1964 жылы жол бөлімі екіге бөлінді. ДӘУ-№502 мекемесін Тастемір Жүзбаев, ДӘУ-№532 мекемесін Жамал Құлымбетов басқарды. Ауданда жол құрылысын жөндеуде Н. Нысанбаев, Т. Жүзбаев, Ж. Құлымбетовтермен қатар Ж. Егізбаев, Қ. Штабаев, Ә. Тілепбаев, Д. Айдарбеков, Н. Мінуэровтар да лайықты еңбек етті.

1958 жылы ауданда алғаш рет әуе жолы ашылды. Әдепкіде Қызылорда – Жаңақорған, Шымкент – Жаңақорған маршруттары болды. Пошта, хат-хабар, газет-журналдар ауданға осы ұшақ арқылы жеткізіліп тұрды. 1961 жылы аэродром аэропорт болып кеңейтілді. Енді бұл жерден ұзақ сапарларға (Ташкент, Мәскеу, т.б.) жолаушыларға алдын ала билет сатылатын болды. Аэропорт бастығы болып 40 жыл Мұсабек Әшімұлы істеді. Қазір аэропорт жабылған.

Байланыс қызметі де халық шаруашылығының маңызды бір саласы болып табылады. 1940 жылы Жаңақорғанда 32 телефон нүктесі ғана болған. 1945 жылы ауданда байланыс кеңсесі құрылды. Сол жылы Жаңақорған мен Төменарықта ғана 2 байланыс бөлімі болды. 1975 жылы ауданда байланыс торабына қарайтын 12 байланыс бөлімшесі, 2 жылжымалы байланыс

бөлімшесі жұмыс істеді. Аталған жылдары аудан орталығында қалааралық байланыс, телеграф жұмыс істеді. Аудан шаруашылықтары мен елді мекендер телефон желісімен байланыстырылды. Аудандық байланыс торабында әр жылдары Е. Тұрсынбаев, Н.А. Евдокимов, С. Базылбеков, Р. Дәлханов, Ш. Әшімов, С. Нарымбетов, М. Бакиров, Қ. Қасқабаетаева, Ә. Төрехожаев, З. Өрғараев, Т. Мырзашев, Ж. Әшірбекова, тағы басқа да азаматтар қызмет етті.

Осы жылдары аудандағы шағын өндіріс орындарының бірі аудандық өндіріс комбинаты болды. 1961 жылы қыш өртеу цехының жұмысшылар коллективі жоспардағы 1 миллион дана қыш өртеудің орнына 1 миллион 50 мың дана қыш өртеп шығарса, дайындалған қыштың 800 мың данасын қажетті құрылыс орындарына жөнелтті. Ол кезеңде Жаңақорған ауданында құрылыс материалдарының мол қоры болса да оны игеруге мүмкіндік жасалмады. Әсіресе, аудан жерінде құрылысқа пайдаланатын заттардың, атап айтқанда, әк, қиыршық тастар, мрамор, гранит және т.б мол қоры болды.

1970 жылдарға дейін жалпы Сыр өңірінде индустрия нашар дамыған еді, өнеркәсіп өнімдерінің көлемі республикада өндірілетін өнімдердің бір процентіне де жетпейтұғын. Осы кезде Қызылорда облысының келешегі жоқ деген де сөз тарады. Облыстағы негізгі сала – егіншілік, оның ішінде күріш, мал шаруашылығына баса көңіл бөлінді.

1963 жылы Жаңақорған қонысының күншығысына қарай 20 шақырымдай жердегі Шалқия қорғасын-мырыш кенінің орны анықталды. Оны зерттеп, барлауды Қаратау геологиялық зерттеу партиясы жүргізді. Барлаушылар Шалқия кен орнынан Менделеев кестесіндегі 15 түрлі элементтің бар екендігі тапты, бұл аймақта жүз жылға жететін 300 миллион тонна бағалы кеннің қоры жатқандығы белгілі болды.

Жетпісінші жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті, белгілі қоғам қайраткері Ш. Есенов Қызылорда облысына өзі басқарған бір топ ғалымдармен келіп, облысты аралап, ғылыми конференция ұйымдастырды. Конференцияда облыстың жер асты қазба байлықтарының мол қоры бар екендігі айтылып, жаңа кен орындарын ашуды батыл қолға алу қажеттілігі ғылыми дәлелденді. 1975 жылы кенішті қазу, бұрғылау ісі одан әрі жалғасты. 1979 жылдан бастап құрылыс, жер асты жұмыстары қызу қолға алынды. Жаңақорған стансасынан Шалқия кенішіне қарай темір жол тартылды. «Ашполиметалл» комбинатының күшімен жүргізілген кенішті игеру жұмыстары 1985 жылдан бастап тікелей Қызылорда облысының қарамағына өтті.

Республиканың индустриялық дамуында Шалқия кенішінің маңызы аса зор болды. Мұнда тек қорғасын, мырыш қана емес, күміс, басқа да табиғи байлық жетерлік еді. Шалқиядан 50-60 шақырым жерде алтын да жатты. Бентонит деп аталатын құнды саздың да мол қоры анықталды. Бұл материалды мұнай айырғанда өңдеу ісіне пайдалануға, кір жуатын ұнтаққа қосуға, мата тоқу өндірісіне де қолдануға болады. Сондықтан да 1986 жылы ақпанда өткен КОКП XXVII съезінің қаулысында: «Шалқия кеніші игерілсін» деп нақты атап көрсетілді. Көп уақыт өткен жоқ, Сыр бойы

ежелден өнеркәсібі қанат жаймаған, табиғат байлығының беті ашылмаған, зерттеусіз, игерусіз жатқан өңірден индустриясы дамыған өлкеге айналуға қадам басты.

1985 жылғы 22 сәуірде кеніштен ең алғашқы кен шығарылып, сол жылы 100 мың тонна, 1986 жылы 102 мың тонна, 1987 жылы 180 мың тонна, 1989 жылы 200 мың тонна, 1993 жылы 460 мың тонна кен өндірілді. Жалпы 1985 жылдан 1995 жылға дейін 2 миллион тонна кен шығарылды.

1979 жылы 17 мың адамға арналған Шалқия қонысының іргетасы қаланды. Алдымен 100 орындық 6 жатақхана, 16 пәтерлік 10 үй, 20 коттедж салынды. Кейіннен тағы да 5 қабатты үйлер бой көтерді. Ұзамай 3 дүкен, 3 асхана, 3 монша, 2 балабақша, 25 орындық аурухана, 1 емхана, 1 дәріхана, 1 наубайхана, 1700 бала оқитын орта мектеп іске қосылды. 1 клуб, 1 кітапхана, 1 мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету пункті, 1 жинақ кассасы, 1 байланыс бөлімшесі халық игілігіне қызмет көрсетіп келді.

«Жаңақорған» тарихи-танымдық кітабынан.